

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 210 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:
«2-1) «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуге конкурсқа қатысу үшін жұмыскерлердің санаттарын жыл сайын а й қ ы н д а у ; » .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев